

# Ұлт рухының шамшырағы

**Талай тұғырлы тұлғаларды дүниеге әкелген қазақ жері мен қазақ ұлты киелі! Қазақ – өлең-сөздің қадір қасиетін қастерлеген дарқан мінезді ақын халық. Осынау поэзия әлемінің шыңына шыққан Қазақстанның халық ақыны, жазушысы, «Түрік халықтары арасынан шыққан ең үздік әлем ақыны» атағының иегері Мұхтар Шахановтың 80 жасқа толуына орай облыстық № 2 әмбебап-ғылыми кітапханамызда «Ұлт рухының шамшырағы» атты поэзия кеші өткізілді.**

Кеш бүгінде бекзат болмыс иесіне айналып парасат биігінен көрінген заңғар тұлғаның өмірбаянынан сыр шертер арнайы дайындалған бейнебаяннан бастау алды.

Жыр керуені алға жылжыған сайын Мұхтар Шаханов шығармалары жарық жұлдыздардың қараңғы түн қойнауынан сәулесін шашқандай жарқырай түседі.

Ақын поэзиясының арқауы ана тілі тағдыры, халқының тағдыры дей келе кеш барысында Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері М.Шахановтың тіл жайлы толғанысы мен тарихты тізбектеген рухты жырларын ырғағына келтіре оқып, жанымызға жігер күш сыйлағандай болды. Студенттердің орындауындағы «Төрт ана», «Жігерлендіру», «Отырар дастаны», «Уақытша жеңістер» сынды өлең жолдары ерекше әсер қалдырса, ақынның «Қазақ тілі қашан қалай мемлекеттік тіл болды?» тақырыбындағы бейнебаяны оқырмандар жанына рух сыйлап, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыра түсті. Ақынның қоғамдағы өзгерістерге қарап, болашақ ұрпақтың кей тұстарда құлдырап бара жатқанына деген күй-

інішін дәріптеген ерекше шумақтары да назардан тыс қалмай санамызға ой салды.

«Әні бардың — сәні бар» дейді халық даналығы, Мұхтар ағаның ақындығымен қатар, махаббаттан бастап ұлтын сүйуге дейінгі парасатқа арналған өлеңдері де баршылық. Осы орайда кеш барысы сөзін де әнін де өзі жазған Мұхтар Шахановтың «Гүл дәурен» әнімен басталған Махаббат жырларымен жалғасын тапты.

Иә, М. Шаханов – ғажайып, бүгінгі әлемдік өркениет тағылымдарын пайымдауға өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырған сан қырлы талантты философ ақын.

Шаханов жырлаған махаббат жырлары биік бір шың! Ақынның ерекше құштарлық, сезім жайлы жазылған өлең жырлары көрерменге тамаша көңіл-күй сыйлады. Айтулы кеш поэзия жолына бағыт алған ақынның қалам қуаты мен өлең қарымына қарап жылы лебіз білдіріп бағыт берген алдыңғы толқын ақын-жазушы ағаларының сөздерімен қорытындыланып, әсем әнмен көріктене түсті.

Осындай ақындарымыздың шығармашылығы арқылы өмірдің қиын да қызық асула-

рына толық көз жеткізуге болады. Ақын шығармашылығы өз бояуын жоғалтпайтын, шындықты ту ететін, тек биік шыңдарды бағындыратын туындылар екендігі хақ. Ақындығы мен азаматтығын тең ұстайтын, елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған, дауласуға бар, жауласуға жоқ қасиеті басым ақыны екені даусыз. Іс-шараға атсалысып, өлеңге деген ерекше ықыластарын көрсете білген Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің бірінші курс студенттеріне оқуда жақсы жетістіктер мен толағай табыс тілейміз. Сондай-ақ үнемі студенттерімізді ұйымшылдыққа, жауапкершілікке баули отырып жетекшілік етіп, кітапханамызбен бірлестікте жұмыс жасап келе жатқан Жанар Хамитқызына алғыс білдіреміз.

Поэзия кеші оқырмандарымызға ерекше сезім сыйлап қана қоймай, ақынның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертер құндылығымен жанымызға рухани азық болды дей аламыз.

Мұхтар Шаханов – бүгінгі әсемдік өркениет тағылымдарын пайымдауға өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырған талантты ақын. Сонымен қатар ұлт мүддесін қорғаушылардың ең алдыңғы сапында келе жатқан қайсар, тұлғалы ұлы ақын. Осы сынды іс-шаралар арқылы біз келешек ұрпаққа кемеңгер тұлғаларымызды насихаттап, үгіт етіп, бойындағы дара қасиеттерін дамыта отырып, жарқын болашаққа жол сілтейміз деген сенімдеміз.

**Гүлназ ЖАҚИЯ,  
кітапханашы**